

The background of the entire image is a dramatic, high-contrast photograph of a sunset or sunrise. The sky is filled with large, billowing clouds that are illuminated from below by a bright, glowing sun, creating a warm, orange, and yellow color palette. In the foreground, the dark silhouette of a horse stands facing away from the viewer, looking towards the horizon. The horse's form is centered and serves as a focal point, its legs and tail clearly defined against the lighter sky. The overall mood is contemplative and powerful.

Гияс Мансүрөв

Құлагер поэмасы

A close-up portrait of a middle-aged man with dark hair, wearing round-rimmed glasses, a dark suit, a white shirt, and a red tie. He has a serious expression. The background is blurred.

Өмірбаяны мен
Шығармашылығы

Өмірбаяны



Ілияс Жансүгіров – ақын, драмашы, прозашы, оның поэзиясы ұлттық әдебиеттің классикалық байлығының қатарына жатады, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. 1894 жылы Алматы облысының Ақсу ауданында дүниеге келген. Ташкенттегі екі жылдық мұғалімдік курсты бітіріп, өз ауылында мұғалім болған. Одан кейін аз уақыт «Тілші» газетінде істеп, Верныйдағы Қазақ ағарту институтының меңгерушілігіне тағайындалды. Мәскеудегі Коммунистік журналистика институтын бітірген, соң «Еңбекші қазақ» газетінде қызмет атқарды. 1932-1934 жылдары - Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастыру комиссиясының төрағасы. 1933-1936 жылдары Қазақ КСР Орталық атқару комитетінің мүшесі болды. 1938 жылы саяси қуғын-сүргін құрбаны болды.



Поэма неліктен «Құлагер» деп аталған?

Ілиястың «Құлагер» поэмасы, сырт қарағанда, ақынның сәйгүлігі – Құлагердің мерт болуына арналған. Бірақ бір жолдарында ақын:

**Өзгеге ұғындырмас өзі бұзбай,
Сыншыдан сақта Құдай сортаң тұздай.
Шатасқан шалдуырдан жиіркенем,
Елімнің серісіне сөз айтқызбай, –**

дейді. Бұл поэма жазылған кезде халықтың ұлттық салт-дәстүрін тоталитарлық тәртіп «ұлтшылдық» деп жариялап, тыйым салған еді. Сол себептен Ақан сері болғандықтан серілікті ашық мақтау мүмкін емес еді. Осы жайларға байланысты Ілияс поэманың атын «Құлагер» деп алып, оқиғаны соның төңірегінде құрған да, өзінің мұратты ойын астарлап жеткізген.

Сюжеттің басталуы

Басталды әңгіменің былай басы,
Болды оған жетпіс, сексен жыл шамасы.
Аркада Ерейменді мекен еткен
Керейде Сағынайдың болыпты асы.



Арқа елінде Сағынай деген байға үлкен ас беріледі. Асқа бүкіл
үш жүздің елі түгел шақырылады. Ас Ереймен тау етегінде
өтеді. Астың суреті, қонақ күту, бәйге аттарының жиналуы,
аттарды сыншылардың сынауы, жаршылардың балуан күрес
пен ат жарыстарының болуын жарлап жария ету дәстүрі,
balуан күрес пен ат бәйгесі толығымен суреттеледі.



Сюжеттің байланысуы

Қайырып қыстай баптап Құлагерді,
Осы астың дақыртына Ақан келді.
Мінгізіп бәйге бала, жайтаңдатып,
Ауылына ас баргеннің тақау келді.

Кермеге қойды байлап Құлагерді,
«Маңайдан жан жүрмесін» деді сері.
Көзінен неге таса қылсын Ақан,
Іргені ат жақтағы түргіздірді.

Өлгенде Сағынай шал ел шулатқан,
Көктұйғын содан бері ішін тартқан.
Сұлы жеп, сүт сіміріп мәпеленіп,
Белдеуде осы Көк ат қыстай қатқан.

Көктұйғын күңгірентіп талай шапқан,
Бәйге алып шапқан сайын алыстатқан;
Осы аста бас бәйгені оймен алып,
Батыраш көптен бері үйде жатқан.

Ниетпен дәл осындай көк ат келген,
Қашаннан «қап!» - деп азу басып жүрген.
Құлагер Көкшетаудан кеп қалған соң,
Қызғанып Батыраштың іші өртенген.

Асқа Ақан сері де келеді. Өйгілі сері
бәйгеге сүйікті аты Құлагерді қосады.
Алтайдан келген Батыраш байдың
атақты жүйрігі Көктұйғын да осы
бәйгеге арнап қыстай бапталған.
Құлагердің келгенін естіген
Батыраштың «қызғаныштан іші
өртенеді».

Сюжеттің дамуы - Бәйгеге қосылатын
аттарға Күреңбай сын айтады. Ол
Құлагерді ары-бері қарап, «бүгінгі
бәйгеде тап осы жылқы бәйге алады»
деп болжам жасайды. «Халық
Күреңбайдың сөзін естіп, тұрып қалды»
делінген.



Сюжеттің шиеленісуі

Ат саны барган сайын бірден өсті,
Атқа еріп, тамашалап халық көшті.
Аттарды жазып-сызып көрушілер
Санақшы санын бір мың үш жүз десті.

Қызыл шыт тартып беріп баласына,
Көп аттың қоя берді арасына:
«Алдыңа бір-екі-ақ ат салып отыр,
Келгенше сонау жердің шамасына.

Бұл айдау - қырган жорық, байқап отыр,
Барғанша бұлаң құйрық, шайқап отыр;
Жел жақта шаң қаптырма, ұрма, қалқам!
Тек қана тізгін қағып жайқа отыр.

Қайтарда тізгініңді тежеп отыр,
Тақымды қамшы салмай безеп отыр.
Бол да отыр бірдің соңы, ызаң озба,
Тек қана бір мөлшерді көзде де отыр.

Көрдің бе, сонау жатқан көк өзекті?
Өткенде сол өзектен салшы тепкі;
Коя бер басын сонда, қарғатайым!
Өзі алар онан кейін қалған бетті.

Бәйгеге мың үш жүз ат
қосылды. Бәйгенің алдында
Ақан баласы Ыбанға ақыл-
кеңес береді. Барғанша **ұрма,**
қамшы салма, озба деп
айтады. Көк өзекке келгенде
тепкі сал, аттың басын коя
бер дейді.



Шарықтау шегі

Алуан ат - торы осында, қара осында,
Не саңлақ, сәйгүліктің бәрі осында.
Күңіреніп, кең даланы дүбірлетіп.
Төгілді ат Ерейменнің саласына.

Жер бетін қағып ұшқан құстай
шүйгіп, Адақтап барған сайын
шықты жүйрік. Төртеудің мың үш
жүзден мойны озып, Құлагер келе
жатты тістеп құйрық.

Сонымен Ерейменге төрт ат кетті.
Төрт бала барған сайын ұзап кетті,
Қара үзіп қала берді өзге бала,
Қалганды қорлық теуіп, ыза ап кетті.

Созылды осы төрт ат көл айнала,
Алдына екі ат шықты жеке дара.
Өтетін ат қылт етіп жыланды өзек,
Суы жоқ, бұрасы көп - жырықана.

Құлагер жеткізсін бе жекпе-жекке,
Келеді басын тартып, қорқып текке.
Көк атты қағып, соғып омыраумен,
Ағындап келіп түсті көк өзекке.

Бәйгеде мың үш жүз аттан
төртеудің мойны озып
шығады. Көл айнала
барғанда алдына екі ат
шықты жеке дара. Ол -
Ақанның Құлагері мен
Батыраштың Көктұйғыны
еді. Құлагер омырауымен
Көктұйғынды қағып-соғып
ағындап келіп түсті көк
өзекке.



Шешімі

Қара жоқ, мыңдаған ат қалды артта,
Өзге аттар әлде қайда бұл мезетте;
Құланың басын қоя бермек еді,
Кезекті бір тосқауыл осы өзекте.

Қусақтың осы қылта мойынында,
Аттардың шауып өтер жолы мұнда;
Кек кернеп, жасырынып тұрды біреу,
Бір жаман осы өзекте ой қылуга.

Бәйгеде мың үш жүз аттан Көктұйғын мен Құлагер
озып келе жатады. Батыраштың жіберген
қарақшылары Құлагерді көк өзекте күтіп тұрып,
айбалтамен шауып, мерт қылады.



ІЛІЯС ЖАНСУГІРОВ

ҚҰЛАГЕР